

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 желтоқсандағы N 1446 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 1301 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007.12.27. N 1301 (2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қазандағы N 1158 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 37, 390-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен жүргізудің ережесінде:

88-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"88. Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті орган айқындайтын мерзімді баспасөз басылымында өткізуге дайындалып жатқан және өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы хабарландыру жариялайды.

Уәкілетті орган айқындаған мерзімді баспасөз басылымы туралы ақпарат уәкілетті органның Web-сайтында орналастырылады.";

89, 90 және 91-тармақтар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы  
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

*міндетін атқарушы*